

**АТОМ ЭНЕРГИЯСЫН, ЯДРОЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ПАЙДАЛАНУ,
РАДИОАКТИВТІ ҚАЛДЫҚТАР МЕН ҚОЛДАНЫЛҒАН ЯДРОЛЫҚ
МАТЕРИАЛДАРДЫ ҰСТАУ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛҚЫНЫҢ
РАДИАЦИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ТУРАЛЫ УАҚЫТША
ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ**

Күшін жойған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ
11 сәуір 1994 ж. N 364. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27
шілдедегі N 781 қаулысымен

Атом энергиясын, ядролық қызметті пайдалану, радиоактивті қалдықтар мен
қолданылған ядролық отынды ұстау, сондай-ақ халықтың радиациялық
қауіпсіздігін қамтамасыз ету салаларында мемлекеттік басқару органдарының,
заңды және жеке тұлғалардың өзара іс-қимылын ұйымдастыру мен жүзеге асыру
мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Атом энергиясын, ядролық қызметті пайдалану, радиоактивті қалдықтар
мен қолданылған ядролық материалдарды ұстау, Қазақстан Республикасы
халқының радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы уақытша ереже
бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары
ведомстволық нормативтік актілерді екі ай мерзімде осы қаулыға
сәйкестендіретін болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 11 сәуірдегі
N 364 қаулысымен
Бекітілген

**Атом энергиясы мен ядролық қызметті пайдалану, радиоактивті
қалдықтар мен қолданылған ядролық материалдарды ұстау, Қазақстан
Республикасы халқының радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету
туралы
УАҚЫТША ЕРЕЖЕ**

1. Кіріспе

Осы Уақытша ереже (бұдан әрі - Ереже) радиоактивті қалдықтар мен қолданылған ядролық отынды ұстауды қосқанда, атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік өкімет, мемлекеттік және жергілікті басқару органдарының, заңды және жеке тұлғалардың өзара іс-қимылын ұйымдастыру мен жүзеге асыру үшін, халықтың радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін арналған.

1.1. Осы нормативтік актінің мақсаты бейбіт уақыттағы ядролық қызмет қауіпсіздігінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету, ядролық қарудың таратылуын және ядролық қалдықтарды қолданылған ядролық отын түрінде рұқсатсыз пайдалануды болғызбау болып табылады.

Осы нормативтік актінің мақсаты сондай-ақ радиацияның қауіпті әсерінен адам мен қоршаған табиғи ортаны қорғау болып табылады.

1.2. Құзыретті мемлекеттік орган лицензия бермеген қандай да бір ядролық қызметке жол берілмейді.

1.3. Ядролық материалдарды немесе радиацияны қолдана отырып қондырғыны пайдаланушы адам пайдалану кезіндегі іс-қимылының, кем дегенде, осы Ереженің талаптарына сай келуін қамтамасыз ету үшін жауап береді. Осы мақсат үшін оларға ядролық қаруды тарату мен ядролық қалдықтардың рұқсатсыз пайдаланылуын болғызбайтын шаралардың жүйесі белгіленеді. Мұндай жүйе жабдықтардың істен шығуын, қателіктерді, қасақана іс-қимылдарды және ядролық уақиға немесе радиациядан зиян келтіруге әкеліп соғатын басқа да әрекеттерді болғызбауды қамтамасыз етуге тиіс.

1.4. Ядролық материалдар немесе радиация пайдаланылатын қондырғыда 1,3-тармақта аталған жүйенің болуын және оның қызметкерлері біліктілігінің жеткілікті дәрежесі бар екені, операциялар қауіпсіздік мәдениетінің жоғары деңгейінде жүргізілетіні, қызметкерлер арасында операциялардың қауіпсіздігі үшін жауапкершілік дәлме-дәл бөлінген, операторлардың тиісінше ішкі бақылауы сақталып, өріс алуы құзыретті мемлекеттік орган тарапынан бақыланып отырылуға тиіс.

1.5. Үкімет уәкілдік берген құзыретті мемлекеттік органның мұндай ерекшеліктер заңдарға және осы Ереженің мақсатына қайшы келтірмейтіндей жағдайда бұл Ереженің нормаларынан ерекшеліктер белгілеуге құқы бар.

2. Жалпы қағидалар

2.1. Осы Ереженің ықпал ету саласы атом энергиясын пайдалану мен ядролық қызметтің барлық түрлері мен тарамдарына қолданылады, пайдалану процесінің

барлық қатысушыларын (Ережені қолдану субъектілерін), атом энергиясын пайдаланатын барлық объектілерді (Ереже қолданылатын объектілерді), атом энергиясын пайдалану кезіндегі қызметтің барлық түрлері мен қоғамдық қ а т ы н а с т а р д ы қ а м т и д ы .

Енгізілген бірқатар терминдерді пайымдау халықаралық конвенцияларға және МАГАТЭ-нің терминологиясына сәйкес келеді.

2.2. Осы Ережеде іс-қимыл субъектілері деп:

- атқарушы өкімет органдары;
- атом энергиясын пайдалану мен ядролық қызмет саласындағы қауіпсіздікті мемлекеттік реттеу және қадағалау органдары;
- п а й д а л а н у ш ы ұ й ы м д а р ;

ядролық материалдар мен ядролық қондырғылардың өмірлік циклының қандай кезеңінде болсын қызмет атқаратын кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар (объектінің өмірлік циклының кезеңдері деп саланы дамытудың тұжырымдамасын әзірлеуге, іздестіру жұмыстарына, құрылыс үшін алаңдар таңдап алуға, атом энергетикасы мен өнеркәсібі объектілерін жобалауға, салуға, пайдалануға беруге, пайдалануға және пайдаланудан алуға байланысты қызметтің барлық түрлері, сондай-ақ пайдалануды тоқтатуға және алаңқайлар мен аумақтарды қалпына келтіруге байланысты қызмет түрлері ұғынылады);

- атом энергиясын пайдалану мен ядролық қызметке байланысты қарым-қатынас жасайтын өзге де заңды және жеке тұлғалар, соның ішінде:

а) ядролық материалдармен, ядролық қондырғылармен, радиоактивті заттармен және иондандырылған сәулелендіру көздерімен қызметтің барлық түрлерін жүзеге асыратын қызметкерлер;

б) ядролық қондырғыларды бақылау және радиоактивті қалдықтарды сақтау пункттері аймақтарында тұрушылар;

в) санитарлық-қорғау аймақтарында және ядролық қондырғыларды бақылау аймақтарында еңбек қызметін жүзеге асырушылар;

г) ядролық уақиғаның салдарынан радиоактивтік әсер етуден зардап ш е к к е н д е р ;

д) өрт сөндіру үшін және ядролық уақиғаның зардабын жою жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін тартылғандар;

е) техногендік-өзгермелі радиациялық фонның ұлғаюы әсеріне шалдыққандар ;

ж) осы Ережеде аталған іс-қимыл объектілерін күзету мен қорғауды жүзеге асыратын әскери бөлімдер ұғынылады.

2.3. Осы Ережедегі іс-қимыл объектілері деп:

- ядролық материалдар ;
- ядролық қондырғылар ;

- басқа да радиоактивті материалдар, соның ішінде иондандырылған сәуле көздері, бастапқы (шикізаттық) радиоактивті материалдар мен радиоактивті қалдықтар ;

- ядролық емес арнайы материалдар;

- техногендік-өзгермелі радиациялық фоны бар объектілер;

- қоса қабат мақсаттағы материалдар мен бұйымдар ұғынылады.

ЯДРОЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР деп уран, плутоний және торий ұғынылады.

БАСТАПҚЫ (ШИКІЗАТТЫҚ) РАДИОАКТИВТІ МАТЕРИАЛДАР деп ядролық отын, радиоактивті изотоптар алу үшін пайдаланылатын бөлінгіш немесе өзге де радиоактивті заттары бар табиғи материалдар ұғынылады.

БАСҚА ДА РАДИОАКТИВТІ МАТЕРИАЛДАР деп сондай-ақ табиғи (табиғи радиоактивті изотоптары бар материалдар) және жасанды (ядролық қондырғылардың жұмысы кезінде ядролық реакцияның нәтижесінде немесе иондандырылған сәуле көздерінің ықпалымен радиоактивтікке айналған кез келген материал) тұрғыдағы радиоактивті заттар ұғынылады.

ЯДРОЛЫҚ ЕМЕС АРНАЙЫ МАТЕРИАЛДАР деп: ауыр су, цирконий, ядролық тазалық графиті, ядролық экспортты реттейтін халықаралық-құқықтық режимге байланысты осылайша айқындалған басқа да материалдар ұғынылады.

РАДИОАКТИВТІ ҚАЛДЫҚТАР деп: ядролық қондырғылар мен иондандырылған сәуле көздерін пайдалануға байланысты қызметтің және олардың үлесті таралымы реттелу деңгейінен асып түсетін қызметтің басқа түрлері нәтижесінде пайда болған сұйық, қатты, газ тектес заттар немесе материалдар ұғынылады.

ЯДРОЛЫҚ ҚОНДЫРҒЫЛАР деп: табиғи шикізатта (рудалық өңдеу, аффинажды зауыттар, уранның гексафторидін өндіру) олардың шоғырландыруын арттыра түсетін ядролық тазалықтағы бастапқы (шикізаттық) ядролық материалдарды өндіру жөніндегі қызмет үшін пайдаланылатын технологиялық кешендер :

өнеркәсіп, энергетика және зерттеу реакторларын қосқанда, ядролық реакторлар, сондай-ақ көлік құралдарының, ғарыштық және ұшу аппараттарының ядролық реакторлары, соның ішінде қиын және соған ұқсас жағдайдағы құрастырулар ;

ядролық отын өндіруге арналған ядролық материалды пайдаланатын зауыттар, сәулелендірілген ядролық отынды ұқсату жөніндегі зауытты қосқанда, ядролық материалды ұқсату жөніндегі зауыттар;

ядролық материалдарды сақтауға (жинап қоюға) арналған ғимараттар;

ажыратылмайтын ядролық материалдары бар радиоактивті қалдықтарды сақтауға (жинап қоюға) немесе көмуге арналған ғимараттар;

ядролық материалдарды тасымалдау үшін лайықталған көліктік буып-қаттау

қ ұ р а л д а р ы ;

ядролық және термоядролық жарылғыш құрылғыларды сынуға арналған полигондық ғимараттар мен құрылғылар;

өзіне сол қарудың зарядтың, оқ-дәрісін, ұшырғышы мен жиынтығын қамтитын ядролық және термоядролық қару, ядролық және термоядролық қаруды және олардың құрамды бөлшектерін тасымалдау мен жасауға, сақтауға, техникалық жағынан қамтуға және жоюға арналған ғимараттар мен жабдықтар ұ ғ ы н ы л а д ы .

ИОНДАУШЫ СӘУЛЕ КӨЗДЕРІ деп: иондаушы сәуле көздерін тасымалдау мақсатындағы арнайы көліктік буып-қаттау құралдарын қосқанда, ядролық қондырғыларға жатпайтын, өздерінде радиоактивті заттар немесе радиоактивті қалдықтар яки иондаушы сәуле жайылған аппараттар, жабдықтар, бұйымдар мен м а т е р и а л д а р ұ ғ ы н ы л а д ы .

ТЕХНОГЕНДІК-ӨЗГЕРМЕЛІ РАДИАЦИЯЛЫҚ ФОНЫ БАР ОБЪЕКТІЛЕР д е п :

өздері салынған топырақтан келетін радон қосындысы бар және (немесе) құрылыс материалдарының құрамында шамадан тыс табиғи радионуклидтердің қоспасы бар тұрғын-жайлар мен жұмыс үйлері;

аспан мен су айдынында сондай-ақ үйінділер мен қоқыстарда табиғи түрде пайда болатын радиоактивті материалдардың шоғырлану процесін пайдаланып, тас көмір, мұнай, газ бен полиметалл рудалары шығарылатын және ұқсатылатын ж е р л е р ;

қалдықтарда табиғи радиоактивті заттардың шоғырлануы белең алатын ауыл шаруашылығы тыңайтқыштарын өндіру ісі ұғынылады.

ҚОСА-ҚАБАТ МАҚСАТТАҒЫ МАТЕРИАЛДАР МЕН БҰЙЫМДАР деп: Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 9 наурыздағы N 183 қаулысымен бекітілген ЯДРОЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР, ТЕХНОЛОГИЯЛАР, ЖАБДЫҚТАР, ҚОНДЫРҒЫЛАР, ЯДРОЛЫҚ ЕМЕС АРНАУЛЫ МАТЕРИАЛДАР, ҚОСА ҚАБАТ МАҚСАТТА ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ЖАБДЫҚТАР, МАТЕРИАЛДАР МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАР, РАДИОАКТИВТІ СӘУЛЕ КӨЗДЕРІ МЕН ИЗОТОПТЫ ӨНІМДЕР ЭКСПОРТЫ МЕН ИМПОРТЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕГЕ N 2 қосымшада және оны толықтыру мен дамыту жөнінде шығарылған өзге де нормативтік актілерде көрсетілген бұйымдар мен м а т е р и а л д а р ұ ғ ы н ы л а д ы .

2.4. Атом энергиясын пайдалану, ядролық қызмет саласындағы қызмет деп:

ядролық қарудың ұсталуын қосқанда, атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару, реттеу және қауіпсіздігін қадағалау;

ядролық қондырғыларды салу мен пайдалануға және қызметтің белгілі бір түрлеріне рұқсаттар немесе лицензиялар беру;

ядролық материалдарды және солардың негізінде жасалған бұйымдарды алу,
сақтау, тасымалдау мен пайдалану;
радиоактивті қалдықтарды ұстау және оларды көму;
ядролық қондырғыларды және иондаушы сәуле көздерін орналастыру,
жобалау, дайындау, салу, іске қосу, пайдалану және пайдаланудан шығару,
алаңдарды тазарту, қалпына келтіру, аумақтарды оңалту;
ядролық қондырғыларды, ядролық материалдар мен иондаушы сәуле
көздерін пайдалана отырып, зерттеулер жүргізу;
Қазақстан Республикасының аумағындағы радиациялық жағдайға
мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
ядролық материалдардың мемлекеттік есебі мен бақылануын жүзеге асыру;
ядролық қарудың таратылмауы үшін бақылау жөніндегі
халықаралық-құқықтық режимді жүзеге асыру;
атом энергиясын пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастықты
жүзеге асыру, ядролық материалдардың, ядролық қондырғылардың, иондаушы
сәуле көздерінің экспорты мен импорты, ядролық материалдардың, ядролық
қондырғылардың, иондаушы сәуле көздерінің, сондай-ақ ядролық технологиялар
мен жабдықтардың, жұмыстар мен қызмет көрсетудің экспорты мен импортын
халықаралық-құқықтық реттеу;
халықаралық келісімдер мен шарттарға сәйкес ядролық қаруды жоюға
б а й л а н ы с т ы қ ы з м е т ;
атом энергиясын пайдалану саласындағы жұмыс үшін оқу қызметі кадрлар
даярлаудың барлық түрлері;
ядролық материалдарды, ядролық қондырғыларды нақты қорғауды
ұйымдастыру мен қамтамасыз ету;
өрттен қорғанудың жайын қадағалауды қамтамасыз ету мен атом энергиясы
объектілерінде өрт сөндіру;
аварияға қарсы шараларды әзірлеу мен жүзеге асыру, соның ішінде ядролық
қондырғылар мен иондаушы сәуле көздеріндегі, сондай-ақ радиациялық әсерге
ұшыраған аумақтардағы ядролық уақиғалардың зардаптарын жою ұғынылады.
Осы Ережемен атом энергиясын пайдалану саласында туындайтын
қатынастардың мынадай түрлері;
мемлекетаралық қатынастар;
ұйымдық-басқару және саяси қатынастар;
меншікке қатынастар мен мүліктік қатынастар;
экономикалық қатынастар;
еңбек қатынастары;
ақпараттық қатынастар реттеледі.

2.5. Өкімет пен басқару органдарының, ядролық қаруды ұстаумен

байланысты ұйымдар мен кәсіпорындардың өзара іс-қимылы мен жауапкершілігінің тәртібі ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесінің жұмыс ерекшеліктері ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының тиісті заң актілерімен, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулылармен, сондай-ақ халықаралық келісімдермен реттеледі.

3. Мемлекеттік реттеу мен қадағалау жүйесінің функциялары

Атом энергиясын пайдалану қауіпсіздігін реттеу мен қадағалаудың мемлекеттік жүйесі өз жұмысын олардың қызметі туралы ережелерге сәйкес органдар жүйесі арқылы жүзеге асырады.

3.1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТОМ ЭНЕРГИЯСЫ ЖӨНІНДЕГІ АГЕНТТІГІ қызметкерлер мен халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, айналадағы ортаны және Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі мүддесін қорғау мақсатымен атом энергиясын пайдалану кезінде қауіпсіздікті, ядролық қызметті мемлекеттік реттеу мен қадағалауды ұйымдастырып, жүзеге асырады; Қазақстан Республикасының аумағында ядролық қызмет объектілері мен түрлерін лицензиялауды ұйымдастырып, жүзеге асырады; ядролық материалдардың және ядролық технологиялардың экспорты мен импортына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады; ядролық материалдарды есепке алу мен бақылаудың мемлекеттік жүйесін жүргізеді; ядролық материалдар мен ядролық қондырғыларды нақты қорғау функцияларын қамтамасыз етуге мемлекеттік реттеу мен қадағалауды жүзеге асырады.

3.2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ БИОРЕСУРСТАР МИНИСТРЛІГІ АТОМ ЭНЕРГИЯСЫ ЖӨНІНДЕГІ АГЕНТТІКПЕН бірге радиоактивті қалдықтардың жиналуын, ұқсатылуын, тасымалданылуы мен көмілуін ұйымдастыру мәселелері жөніндегі ведомстволық бақылау жасауды, республикадағы радиациялық жағдайды зерделеу мен бақылау жөніндегі жұмыстарды үйлестіруді жүзеге асырады; радиация қауіпсіздігі талаптарының сақталуына бақылау жасайды, радиоактивті қалдықтарды көмуге рұқсат береді, жобаларды мемлекеттік экологиялық сараптаудан өткізеді.

3.3. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ адамның өмір сүруіне қауіпсіз жағдай жасалуын бақылау мақсатымен өз құзыреті шеңберінде ядролық материалдардың, иондаушы сәуленің басқа да көздерінің жасалуын, қолданылуын, сақталуын, тасымалдануын және радиоактивті қалдықтардың көмілуін реттеу мен қадағалауды жүзеге асырады; халық шаруашылығында пайдаланылатын иондаушы сәуленің барлық көздерін есепке алып, оларға бақылау жүргізеді; медициналық-санитарлық жағынан қамтамасыз етуді және жұмыс жағдайының

ерекшеліктеріне тән қолайсыз кәсіптік факторлардың әсеріне байланысты азаматтардың денсаулығын қорғауды жүзеге асырады.

3.4. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТОМ ЭНЕРГИЯСЫ ЖӨНІНДЕГІ АГЕНТТІГІ, ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ БИОРЕСУРСТАР МИНИСТРЛІГІ, ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ, ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ ЖӘНЕ ЖЕРГЕ ОРНАЛАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК КОМИТЕТІ, МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ ГИДРОМЕТЕОРОЛОГИЯ ЖӨНІНДЕГІ БАС БАСҚАРМА Қазақстан Республикасының аумағында радиациялық жағдайдың мониторингін реттеуді және қадағалау функцияларын жүзеге асырады.

3.5. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ ЖӘНЕ ЖЕРГЕ ОРНАЛАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК КОМИТЕТІ жерді пайдалану мен күзетуге мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады, жерді пайдалануға қатысты жобаларға сараптама жасайды.

3.6. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨНЕРКӘСІПТЕ ЖҰМЫСТЫ ҚАУІПСІЗ ЖҮРГІЗУДІ ҚАДАҒАЛАУ ЖӘНЕ КЕН ҚАДАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК КОМИТЕТІ өз құзыретінде кен кәсіпорындарында, геологиялық барлау ұйымдарында, химия-металлургия цехтары мен өндірістерінде мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырады, атом-энергетика өнеркәсібінің әскерилендірілген кен-құтқару бөлімдерінің әскери даярлығын, сондай-ақ қысыммен жұмыс істейтін ыдыстардың, қазандық қондырғыларының, көтеру құралдарының (крандардың, лифттердің), өндірістік мақсатта қолданылатын газ жабдықтарының, оның қарауына жататын басқа да механизмдер мен құрылғылардың қауіпсіз пайдаланылуын бақылап отырады.

3.7. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ объектілердің өмірлік циклының барлық кезеңдерінде өрт қауіпсіздігі жөніндегі қолданылатын стандарттардың, нормалар мен ережелердің өртке қарсы қоятын талаптарының орындалуын қадағалауды, сондай-ақ ядролық материалдарды, радиоактивті қалдықтар мен иондаушы сәуле көздерін тасу ережелерінің, автомобиль көлігімен тасу кезінде оларды тасымалдау құралдарын тіркеу ережелерінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

3.8. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ГЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЖЕР ҚОЙНАУЫН ҚОРҒАУ МИНИСТРЛІГІ өз құзыретіне сәйкес бастапқы (шикізаттық) ядролық материалдарды шығару мен радиоактивті қалдықтарды көму саласында, сондай-ақ ядролық қондырғыларды орналастыратын орындарды анықтаған кезде реттеу мен қадағалау функцияларын жүзеге асырады.

3.9. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІ атом энергиясын пайдаланумен байланысты қорғаныс кешенінің объектілерінде қызметтің мемлекеттік реттелуін ұйымдастыруды жүзеге асырады әрі олардың

ядролық және радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

3.10. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК КОМИТЕТІ осы Ережеде регламенттелген қызметті жүзеге асыру барысында ұлттық мүдделерді қорғаудың мемлекеттік реттелуін ұйымдастыруды жүзеге асырады.

3.11. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КӨЛІК МИНИСТРЛІГІ ядролық материалдардың, ионданушы сәуле көздерінің, ядролық қондырғылар жабдықтары мен радиоактивті қалдықтардың тасымалдануын мемлекеттік реттеуді ұйымдастырады.

3.12. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС ШТАБЫ төтенше жағдайлардан сақтандыру және олардың зардаптарын жою жөніндегі шаралардың белгіленуі мен орындалуына мемлекеттік реттеу мен қадағалауды жүзеге асырады.

3.13. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ СТАНДАРТТАУ, МЕТРОЛОГИЯ ЖӘНЕ СЕРТИФИКАТТАУ ЖӨНІНДЕГІ БАС БАСҚАРМА өнімдер номенклатурасы мен сапасы, қызмет көрсету, халық шаруашылық объектілерінің процестері мен қауіпсіздігі мәселелерінде тұтынушылар мен мемлекет мүдделерін қорғау мақсатымен стандарттау мен бір ізге салу саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүзеге асырады; стандарттар талабының сақталуына және өлшем құралдарының жайына бақылауды қамтамасыз етеді.

3.14. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС, ТҰРҒЫН ҮЙ ЖӘНЕ АУМАҚТАРДА ҚҰРЫЛЫС САЛУ МИНИСТРЛІГІ құрылыстың сапасына мемлекеттік сәулеттік-құрылыстық қадағалау жасайды, жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау кезінде басшылық етеді, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ ОБЪЕКТІЛЕРІН ӨРКЕНДЕТУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК РЕСПУБЛИКАЛЫҚ "ҚАЗТҰРҒЫНКОМШАР" КОНЦЕРНІМЕН бірге құрылыс кешені мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық ұйымдары мен кәсіпорындарының қызметін мемлекеттік реттеуді жүзеге асырады.

4. Мемлекеттік басқару функциялары

Ядролық қызмет саласындағы мемлекеттік басқару функцияларын мыналар орындайды:

4.1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ ОТЫН РЕСУРСТАРЫ МИНИСТРЛІГІ ядролық кешен кәсіпорындары мен ұйымдарының қызметін мемлекеттік басқаруды ұйымдастырады, олардың

ядролық және радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, пайдалы қазбаларды шығару үшін лицензия негізінде жер қойнауын (жергілікті басқару органдарымен келіскен соң) кен бөлінісіне беру мәселелерін шешеді; энергетика мен атом өнеркәсібіне қарасты барлық кәсіпорындардың қызметін үйлестіреді, жергілікті басқару органдарымен бірге энергетика және атом өнеркәсібі кәсіпорындары мен объектілерінің аймақтық орналасу мәселелерін шешеді; отын-энергетика кешені мен атом өнеркәсібі кәсіпорындарын салу және қайта жаңарту жобаларына сараптама мен конкурс өткізу үшін, бұл салалардың объектілері мен өндірістік қуаттарын пайдалануға қабылдау үшін комиссиялар құрады.

4.2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТОМ ЭНЕРГИЯСЫ ЖӨНІНДЕГІ АГЕНТТІГІ мемлекеттік басқару органы ретінде Қазақстан Республикасының халық шаруашылығы тарауларындағы атом энергиясын пайдалану саласында мемлекеттік саясатты, жобаларды мемлекеттік сараптауды, ядролық қызмет саласындағы бағдарламаларды және оларды іске асыру жөніндегі шараларды үйлестіруді, ядролық және радиациялық қауіпсіздік стандарттарын әзірлеу мен негіздеу жөніндегі қызметті басқаруды; ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ БИОРЕСУРСТАР МИНИСТРЛІГІМЕН бірге радиоактивті қалдықтарды жинаудың, ұқсатудың, тасымалдаудың республикалық жүйесін құруды ұйымдастыруға бақылауды жүзеге асырады.

4.3. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТОМ ЭНЕРГИЯСЫ ЖӨНІНДЕГІ АГЕНТТІГІ - атом-өнеркәсібі кешенінің объектілерінде әрі ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ БИОРЕСУРСТАР МИНИСТРЛІГІ - айналадағы табиғи ортада ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ, ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ ЖӘНЕ ЖЕРГЕ ОРНАЛАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК КОМИТЕТТІҢ, ГИДРОМЕТЕОРОЛОГИЯ ЖӨНІНДЕГІ БАС БАСҚАРМАСЫНЫҢ, АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС ШТАБЫНЫҢ қатысуымен радиациялық жағдайға бақылау жасайды.

4.4. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ атом энергетика мен өнеркәсібі объектілерінде олардың өмірлік циклының барлық кезеңінде арнайы және әскери күзетті, өрт сөндіруді жүзеге асырады.

4.5. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ІШКІ ӘСКЕРЛЕРІ ҚОЛБАСШЫСЫНЫҢ БАС БАСҚАРМАСЫ осы Ережеде көрсетілген іс-қимыл объектілерін арнайы және әскери күзетуді (қорғауды) жүзеге асырады.

4.6. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС ШТАБЫ халықты және ұлттық игілікті қорғау мақсатымен атом энергиясын пайдалану кезінде болуы мүмкін төтенше жағдайлардың зардаптарын жою ісін ұйымдастырады.

4.7. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР

ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК КОМИССИЯСЫ ядролық қызметпен байланысты төтенше жағдайлардың қаупі төнген немесе болған кезде мемлекеттік және жергілікті басқару органдарының жұмыстарын үйлестіруді жүзеге асырады.

5. Атом энергиясын пайдалану саласындағы қауіпсіздік жөніндегі Ережелер мен нормалардың жүйесі

5.1. Атом энергиясын пайдалану саласындағы қауіпсіздік жөніндегі ережелер мен нормалардың жүйесі ядролық қондырғыларды және иондаушы, сәуле көздерін жобалауға, салуға, пайдалануға және пайдаланудан шығаруға қойылатын талаптар тұжырымдалған ережелер мен нормалардан, сондай-ақ реттеу мен қадағалау органдарының қызметін айқындайтын құжаттардан тұрады.

5.2. Атом энергиясын пайдалану қауіпсіздігін айқындайтын ережелер мен нормалар жүйесіне :

- ядролық материалдарды пайдалану қызметін реттеуге арналған Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі қабылдаған құжаттар;
- радиоэкологиялық және медициналық-биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Экология және биоресурстар министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі қабылдаған құжаттар;
- Қазақстан Республикасының нормативтік актілері мен осы Ережеге қайшы келмейтін "Атом энергиясын пайдалану саласындағы ережелер мен нормалардың Жиынтық тізбесінің" (АЭЕНЖТ-87) осыған қатысты құжаттары;
- Қазақстан Республикасының Мемкенқадағалауы қабылдаған техника қауіпсіздігі жөніндегі құжаттар;
- мемлекеттік реттеу, басқару мен қадағалау органдары өздерінің құзыры мен функцияларына сәйкес әзірлеген басқа да нормативтік құжаттары кіреді.

5.3. Мемлекеттік стандарттардың және құрылыс нормалары мен ережелерінің жүйесі атом энергиясын пайдалану қызметінің барлық түрлерінде, бұл саланың қауіпсіздігі жөніндегі ережелері мен нормаларына қайшы келмейтін бөлігінде іске асырылады. Қайшылық болған жағдайда атом энергиясын пайдалану саласындағы қауіпсіздіктің ережелері мен нормалары қолданылады.

5.4. Ведомстволық нормативтік-техникалық құжаттама жүйесі ведомство шеңберіндегі қызметтің белгілі бір түрін реттейді. Бұл жүйенің құжаттары атом энергиясын пайдалану саласындағы қауіпсіздіктің ережелері мен нормалары жүйесіне және мемлекеттік стандарттау және құрылыс нормалары мен ережелері жүйесінің құжаттарына қайшы келмеуге тиіс.

5.5. Атом энергиясы пайдалану, ядролық қызмет саласындағы қауіпсіздік жөніндегі ережелер мен нормалар жүйесін дамыту мен жетілдіру үшін Атом

энергиясы жөніндегі агенттік реттеу мен қадағалаудың басқа да органдарымен бірлесе отырып, оларды әзірлеу мен қайта қараудың бағдарламасы мен жоспарын жасап, келіседі, басқа да реттеу мен қадағалау органдарының, мүдделі министрліктер мен ведомстволардың ұсыныстары бойынша жоспарға жыл сайын түзетулер енгізіліп отырылады.

5.6. Қазақстан Республикасының Үкіметі жыл сайын Атом энергиясы жөніндегі агенттіктің өтініміне сәйкес, реттеу мен қадағалаудың басқа да органдарының қажеттілігін ескере отырып, атом энергиясын пайдалану және ядролық қызмет саласындағы қауіпсіздік жөніндегі ережелер мен нормалар жүйесін әзірлеу мен қайта қарауды қаржыландырудың мөлшерін айқындайды, оларға белгіленген тәртіппен қажетті көлемде қаржы бөледі.

5.7. Министрліктер мен ведомстволар реттеу мен қадағалау органдарына жаңа ережелер мен нормалар әзірлеу жөнінде өздерінің ұсыныстарын, сондай-ақ қолданылып жүрген ережелер мен нормаларға өзгертулер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар түсіреді. Ережелер мен нормаларды әзірлеу, келісу, бекіту, басып шығару, күшіне енгізу мен қайта қарау тәртібін реттеу мен қадағалау органдарының қызметін, құзырлы саласын және өкілеттілігін белгілейтін құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

5.8. Реттеу мен қадағалау органдары ережелер мен нормаларды басып шығаруды және атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыратын кәсіпорындар мен ұйымдар арасында олардың таратылуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ қолданылып жүрген ережелер мен нормаларға енгізілетін барлық өзгерістер мен қосымшалар туралы хабарлап отырады.

5.9. Атқарушы өкіметтің жергілікті органдары өз құзыры шегінде қарауындағы аумақта экологиялық қауіпсіздіктің ережелері мен нормаларының сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

5.10. Атом энергиясын пайдалану мен ядролық қызмет саласындағы қауіпсіздікке қатысы бар ережелер мен нормалардың бәрі Қазақстан Республикасының Атом энергетика жөніндегі агенттігімен міндетті түрде келісілуге тиіс.

6. Рұқсат ету жүйесі мен лицензиялау

6.1. "Атом электр станцияларының (АЭС-тің қауіпсіздігі мәселелерін реттеуді үкіметтік ұйымдастыру) қауіпсіздігі жөніндегі ережелердің Жинағында" (N 50-С-Q / Rev. 1) тұжырымдалған МАГАТЭ-нің талаптарына сәйкес және ССРО Жоғарғы Кеңесінің "КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ АРНАЙЫ РҰҚСАТТАР (ЛИЦЕНЗИЯЛАР) НЕГІЗІНДЕ ҒАНА ШҰҒЫЛДАНУҒА ҚҰҚЫ БОЛАТЫН ҚЫЗМЕТТІҢ ТҮРЛЕРІ ТУРАЛЫ" 1991 жылғы 28 мамырдағы N 2195-1 қаулысы

негізінде қауіпсіздікті реттеу жүйесі ұйымдар мен кәсіпорындарға жобалау, салу, пайдалану және ядролық қондырғылардың басқа да өмірлік циклды кезеңдері бойынша белгілі бір қызмет түрлері мен атом энергиясын, ядролық қызметтің басқа да түрлерін пайдалануға байланысты қызметті жүзеге асыру құқығына рұқсаттар (лицензиялар) беруге негізделеді. Ядролық қондырғылар үшін бұл рұқсатты берудің тәртібін Атом энергиясы жөніндегі агенттігі айқындайды, ол лицензиялау жүйесін енгізгенге дейін күшін сақтайды (қосымшаға сәйкес).

6.2. Атом энергиясын пайдалануға байланысты қызметке рұқсат беру кезінде қадағалау органдарының арасындағы өзара іс-қимыл қадағалаудың нақты органдары туралы ережелерге сәйкес жүзеге асырылады, сондай-ақ, жекелеген жағдайларда, олардың арасындағы өкілдіктің аражігін бөлу туралы хаттамалармен айқындалады.

6.3. Мемлекеттік қадағалау органдарының, министрліктердің, ведомстволардың ядролық қондырғылардың әрбір тұрпатының өмірлік циклы кезеңіндегі өзара іс-қимылы қолданылып жүрген заңдармен, заң актілерімен және қауіпсіздік саласындағы ережелер әрі нормалар жүйесімен айқындалады және мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

6.3.1. Тұжырымдаманы әзірлеу сатысы

6.3.1.1. Атом энергиясын пайдалануға байланысты объектілерді салудың қажеттілігі осы Ереженің 3 және 4-тарауларында көрсетілген тиісті министрліктермен, ведомстволармен және қадағалау органдарымен келісілуге және оны Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітуге тиіс.

6.3.1.2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті мүдделі министрліктердің, ведомстволардың және қадағалау органдарының өздерінің құзыреті шегіндегі сараптау қорытындыларын ескере отырып, мемлекеттік инвестициялардың тиімділігі туралы шешім қабылдайды.

6.3.1.3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті объектілерге Қазақстан Республикасының ішкі әскерлерінің әскери (арнайы) күзетін ұйымдастыру туралы шешім қабылдайды.

6.3.2. Техникалық-экономикалық негіздеу сатысы

6.3.2.1. Облыстардың жергілікті өкілді өкімет органдары объектілерді орналастыру мен дамыту схемаларының негізінде ядролық қондырғыны орналастыру ауданын алдын-ала келісудің материалдарын қарап бекітеді; бұған Экология және биоресурстар министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясы, Азаматтық қорғаныс Штабы, Ішкі істер министрлігі, Қорғаныс министрлігі, Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі, Жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитет, Мемкенқадағалаукомы тартылады, олар жергілікті өкілді өкімет органдарына сараптау қорытындыларын береді. Жергілікті әкім жер

учаскесін алып қоймастан орналастыру мекеніне алдын-ала келісім актісін береді , ол ТЭН сатысында жобалау-ізвестіру жұмыстарын жүргізу үшін негіз болып т а б ы л а д ы .

6.3.2.2. Пайдаланушы ұйым Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігін, Экология және биоресурстар министрлігінің, Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігінің, Денсаулық сақтау министрлігінің, Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясының, Жер қатынастары және Жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Қорғаныс министрлігінің, Азаматтық қорғаныс Штабының, Ішкі істер министрлігінің, Мемкенқадағалаукомының, Қазақстан Республикасының Ішкі әскерлері Бас басқармасының қолданылып жүрген нормативтік талаптарына сәйкес әзірленген ТЭН материалдарын, сондай-ақ олардың сараптау қорытындыларын Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігіне табыс етеді, ол жергілікті өкімет және басқару органдарымен бірлесіп, энергетика және атом өнеркәсібі кәсіпорындары мен объектілерін аймаққа орналастыру туралы шешім қабылдайды, отын-энергетика кешені мен атом өнеркәсібі кәсіпорындарын салу мен қайта жаңартудың жобаларына сараптау мен конкурс жүргізу үшін осы салалардың объектілері мен өндірістік қуаттарын пайдалануға қабылдау үшін комиссиялар құрады.

Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі ТЭН материалдарын мемлекеттік экологиялық сараптаудың нәтижелері бойынша табиғатты кешенді пайдалануға рұқсат (лицензия) береді.

Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі ТЭН материалдарын мемлекеттік экологиялық сараптаудың нәтижелері бойынша ізвестіру жұмыстарына рұқсат (лицензия) береді.

Қазақстан Республикасының Үкімет сараптау комиссиясының оңтайлы қорытындысының негізінде мемлекеттік бюджеттен ядролық қондырғы жасау үшін мемлекеттік инвестициялар жөніндегі шешім қабылдайды.

Жергілікті әкім пайдаланушы ұйымның өтініші бойынша жергілікті өкілді өкімет органдарының келісімімен жерлерді кесіп алу және оларды ядролық қондырғымен орналастыру аумағын қорғау жөніндегі дайындық жұмыстарын жүргізу үшін беру туралы алдын ала рұқсат ете алады. Жергілікті әкім жерді алып қою мен жер учаскесін беру туралы, әдетте, жоба бекіп, құрылыс жоспарына енгізілгеннен кейін шешім қабылдайды.

6 . 3 . 3 . Ж о б а л а у с а т ы с ы

6.3.3.1. Пайдаланушы ұйым дербес немесе бөгде кәсіпорынды пайдалана отырып, қолданылып жүрген нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес ядролық қондырғы құрылысының жобасын әзірлейді, жобаны олардың құзыретіне сәйкес министрліктермен, ведомстволармен, қадағалау органдарымен

қ а р а й д ы ж ә н е к е л і с е д і .

6.3.3.2. Ядролық қондырғыларды, жабдықтарды, приборлар мен соларға керекті жүйелерді жобалаушы (кұрастырушы) барлық кәсіпорындар Атом энергиясы жөніндегі агенттіктен рұқсат (лицензия) алуға тиіс.

Мұндай рұқсатты алу мен жобаларды қараудың тәртібі Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі тарапынан реттеледі.

6.3.3.3. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Мемкенқадағалаукомы, Денсаулық сақтау министрлігі, Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі, Азаматтық қорғаныс штабы өздерінің құзыретіндегі мәселелер бойынша жобаларға белгіленген тәртіппен сараптау жүргізеді және материалдарды Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігіне береді.

Атом энергиясы жөніндегі агенттік аталған министрліктер мен ведомстволардың қорытындыларын ескере отырып, ядролық қондырғылар орнатудың мүмкіндігі туралы тұжырым дайындап, оны Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне жібереді.

6.3.3.4. Атом энергиясы жөніндегі агенттіктің тұжырымы мен тиісті жергілікті өкілді өкімет органының шешімі Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қарауына жатады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген тәртіппен жобалық материалдарды тәуелсіз сараптау комиссиясы қарауы мүмкін.

6.3.3.5. Жергілікті әкім ядролық қондырғылар салуға арналған жобалар бекігеннен кейін құрылысқа жер беру туралы ақырғы шешім қабылдайды.

6.3.3.6. Ядролық қондырғының жобасы бекітілген соң Атом энергиясы жөніндегі агенттік ядролық қондырғының құрылысын бастауға рұқсат (лицензия) б е р е д і .

6.3.4. Ядролық қондырғылар үшін жабдықтар, приборлар мен жүйелерді дайындау

Ядролық қондырғылар үшін жабдықтар, приборлар және жүйелер дайындау кезінде қауіпсіздік пен сапаны қамтамасыз ету жөніндегі талаптар мен ережелердің, нормалардың сақталуын реттеу мен бақылау Қазақстан Республикасының "Стандарттау және сертификаттау туралы" Заңына және атом энергиясын пайдалану саласындағы қауіпсіздік жөніндегі нормативтік актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

6.3.5. Құрылыс жүргізу мен монтаждау сатысы

6.3.5.1. Ядролық қондырғыларда құрылыс-монтаж, іске қосу-реттеу және жөндеу жұмыстарын атқаратын ұйымдардың, бірлестіктердің, концерндер мен кәсіпорындардың Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттіктен сол жұмыстарды жүргізуге құқық беретін рұқсаты (лицензиясы)

6.3.5.2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі ядролық қондырғыларда құрылыс-монтаж жұмыстарының барысында қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерін медициналық-санитарлық қамтамасыз ету саласында санитарлық-гигиеналық және эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асырады және ядролық қондырғының жобасында көзделген облыс халқына санитарлық-эпидемиологиялық қолайлы жағдайлар туғызу жөніндегі бағдарламалардың орындалуын бақылайды.

6.3.5.3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі ядролық қондырғыны салу мен монтаждау кезінде өртке қарсы қауіпсіздік жөніндегі барлық талаптардың орындалуын қадағалауды жүзеге асырады.

6.3.5.4. Мемкенқадағалаукомы өзінің құзыреті шегінде геологиялық барлау ұйымдарындағы, кен кәсіпорындарындағы, химиялық-металлургиялық цехтар мен өндірістердегі құрылыс-монтаж қызметі барысындағы жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуіне мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырады.

6.3.5.5. Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі Ішкі әскерлер Бас басқармасы Қолбасшысының қатысуымен объектілерді күзетудің инженерлік-техникалық құралдарымен, нақты қорғау жүйесімен, жеке құрамға арналған қорғаныс ғимараттарымен жабдықтаудың мерзімі мен сапасына бақылауды жүзеге асырады.

6.3.6. Пайдалануға қосу, пайдалану, пайдаланудан шығару

6.3.6.1. Жаңадан іске қосылған ядролық қондырғының аумағына және іске қосу-реттеу жұмыстары кезеңдеріне алғаш ядролық отын әкелерде ядролық қондырғының әкімшілігі Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттіктен рұқсат алуға міндетті.

Рұқсаттар: объектінің дайындық жайын тексерудің қорытындысы бойынша ядролық отынның алғаш әкелінуіне және қолданылған ядролық отын мен радиоактивтік қалдықтарды сақтау қоймасын пайдалануға қосқанда;

- іске қосу-реттеу жұмыстарының жекелеген кезеңдеріне беріледі.

6.3.6.2. Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі, Денсаулық сақтау министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Азаматтық қорғаныс Штабы. Мемкенқадағалаукомы ядролық қондырғының пайдалануға беруге әзірлігін бағалау жөніндегі комиссияның жұмысына қатысады, ол актімен тұжырымдалады. Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігіне актіні және қауіпсіздік жөніндегі ережелер мен нормаларда табыс ету үшін белгіленген басқа да қажетті құжаттарды түсіргеннен кейін пайдаланушы ұйым Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігінен ядролық қондырғыны тәжірибелік және өнеркәсіптік пайдалануға рұқсат (лицензия) алады.

6.3.6.3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі ядролық қондырғыны пайдалану барысында облыста санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды, сондай-ақ облыс халқын медициналық-санитарлық жағынан қамту мен қорғауды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі ядролық қондырғыны пайдалану барысында оған мамандандырылған санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асырады.

6.3.6.4. Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі пайдалану барысында қадағалауды жүзеге асырады және қадағалауға алынған объектілердегі ядролық және радиацияның қауіпсіздік жайындағы өзгерістер туралы Үкімет пен жергілікті өкімет органдарына, сондай-ақ қадағалау жүзеге асырылатын аумақтағы қалалар мен облыстардың жұртшылығына хабарлап отырады.

6.3.6.5. Ядролық қондырғыны пайдалану кезіндегі өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуді қадағалауды Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі қолданылып жүрген нормативтік құжаттарға және осы қадағалау туралы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

О с ы м а қ с а т п е н :

- өрт қадағалау органдары жүргізген ядролық қондырғының технологиялық бөлігіндегі өрт және өрт қауіпсіздік ережелерінің бұзылғандығы жөніндегі зерттеулердің нәтижелері мен қорытындыларын Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі объектінің тұтас алғандағы қауіпсіздігін бағалау үшін пайдаланады;

- Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі мен Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің күші мен атом энергиясының объектілерінде бақылау-инспекциялық және алдын-алу рәсімдерін бірлесе жүргізу ұйымдастырылады;

- қадағалау органдарының инспекторлық құрамын, лауазымдық міндеттерді, ережелер мен нормаларды білу деңгейін ескере отырып, өзара аттестаттау келісім бойынша жүргізіледі.

6.3.6.6. Қазақстан Республикасының Мемкенқадағалаукомы ядролық қондырғыны пайдалану кезінде өзінің құзыретіне сәйкес жалпы техникалық қауіпсіздікті мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырады.

Осы мақсатпен атом-энергетика өнеркәсібі объектілерінің жалпы техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігіне инспекциялық және алдын-алу рәсімдерін бірлесіп жүргізу ұйымдастырылады алады.

6.3.6.7. Пайдаланушы ұйым ядролық қондырғының жобалық мерзімдік қызметі аяқталғанға дейінгі 5 жылдан кешіктірмей ядролық қондырғыны пайдаланудан алудың жобасын әзірлеуді және оны мемлекеттік реттеу мен

қадағалау органдарымен келісуді қамтамасыз етуге тиіс. Жаңадан құрылатын ядролық қондырғы үшін оны пайдаланудан алудың жобасы құрылыстың жобасына енгізілуге тиіс.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі "АЭС энергоблогын пайдаланудан шығару кезіндегі радиациялық қауіпсіздіктің талаптары (СССРО Мематомэнергияқадағалаукомы бекіткен АЭС-89 радиация қауіпсіздігінің Ережелер)" деген бөліміне және басқа нормативтік құжаттарға сәйкес, сондай-ақ ядролық қондырғы жобасының "Пайдаланудан шығару" бөлімін ескере отырып, мамандандырылған санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау мен бақылауды жүзеге асырады.

6.4. Атом энергиясын пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған
л и ц е н з и я л а р .

Ядролық қызметті жүзеге асыру үшін лицензияның болуы талап етіледі. Лицензия Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес оны алу құқына ие адамның атом энергиясын пайдалану жөніндегі қызметтің белгілі бір түрін жүзеге асыруына рұқсат беретін ресми құжат болып табылады.

Лицензияда лицензияланатын қызметтің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды айқындайтын шарттар болуға тиіс. Лицензия шарттарын ол жүзеге асырылатын қызмет пен объектінің нақты түрінің ерекшелігін ескере отырып лицензияны беруші ведомство белгілейді.

Лицензия алған адам Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес:

- лицензия мен рұқсатта айқындалған шарттарды орындамағаны үшін;
- радиациялық және басқа да техногендік әсер етуден халыққа және табиғи ортаға келтірген зиян үшін жауап береді.

Ядролық қызмет жүргізуге лицензия мынадай жағдайда, егер:

- талап етілген шарттар тиісінше орындалмағанда;
- қауіпсіздік тұрғысынан айғақты себептер болғанда қайтарылып алынуы
м ү м к і н .

Қадағалаушы органның сұратуы бойынша лицензияның иесі:

- қадағалау мен инспекциялау жүргізу үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды
о р г а н ғ а б е р у г е ;
- инспекциялау жүргізу кезінде қызмет атқарылатын жерге орган өкілдерінің жіберілуін қамтамасыз етуге тиіс.

6.5. Рұқсат ету жүйесінен лицензиялау жүйесіне көшу тиісті заң шығарушылық және заңдық актілердің күшіне енгізілуіне қарай жүзеге асырылады.

7. Халықтың радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету

7.1. Халықтың радиациялық қауіпсіздігі осы Ережеде аталған жұмыс істейтін объектілерді пайдалануды жүзеге асыратын пайдаланушы ұйымдар, өзге де заңды тұлғалар тарапынан қамтамасыз етіледі.

7.2. Халықтың радиациялық қауіпсіздік реттеу мен қадағалау Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің, Экология және биоресурстар министрлігінің және Денсаулық сақтау министрлігінің құзыретіне енеді. Аталған органдардың әрқайсысының реттеу мен қадағалаудағы нақты функциялары осы органдар туралы ережелерде айқындалған.

7.3. Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі негізгі талаптар "Радиоактивтік заттармен және басқа иондалған сәуле көздерімен жұмыстың негізгі санитарлық ережелерімен" реттеледі. Сәуле алудың дозалық шегінің жүйесі мен деңгейі және оларды қолданудың ұстанымдары қадағалау органдары талап қойған сәтте қолданылып жүрген "Радиациялық қауіпсіздік нормаларымен" белгіленеді.

7.4. Жергілікті атқару органдары Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің органдары (облыстардағы СЭС) арқылы өздеріне ведомстволық бағыныстағы аумақтардағы жерлер мен объектілерде радиоактивтік заттар мен иондалған сәуле көздерінің тиісті ережелерде белгіленген көлемде өндірілуіне, тасымалдануына, ұқсатылуына, пайдаланылуына, жиналуына, сақталуына және көмілуіне есеп жүргізеді.

8. Ядролық материалдарды есепке алу мен бақылау кезіндегі өзара іс-қимылдың тәртібі

8.1. Ядролық материалдар олар орналасқан жердегі ядролық материалдардың нақты санын анықтау, ысырапты, рұқсатсыз пайдалану мен ұрлауды болдырмау мақсатында мемлекеттік есеп пен бақылауға жатады. Есепке алынған материалдар мен бақылаудың нәтижелері ядролық материалдардың саны, орналасқан жері, пайдалану сипаты, орын алмастырылуы туралы, оларды тиісті мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының экспорт пен импортқа шығаруы, ядролық материалдарды өндіру мен пайдаланудың қауіпсіздігіне арналған Қазақстан Республикасының мемлекеттік реттеуі мен қадағалауы туралы жүйелі әрі жедел ақпарат беруге пайдаланылады.

8.2. Ядролық материалдарды есепке алу мен бақылау деп ядролық материалдардың санын анықтау және өндірілген жерде осы мөлшерді тексеру, пайдалану және сақтау, сондай-ақ белгілі бір уақыт ішінде бұл мөлшердің өзгертуін айқындау мақсатында жүргізілетін қызмет түсініледі. Ядролық материалдарды есепке алу мен бақылау элементтеріне ядролық материалдардың баланс аймағын айқындау, құжаттамалар жүргізу, есеп берілетін құжаттарды

әзірлеу және оларды Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігіне жіберу материалдардың мәлімденген түгел санын анықтау үшін деректерді есеп бойынша тексеру мен талдау жатады.

8.3. Ядролық материалдарды ядролық қондырғыларда есепке алу мен бақылауды ұйымдастыру мен жүргізуді ядролық материалдарын пайдалану мен сақтау жөніндегі қызметті атқаруға рұқсаты (лицензиясы) бар басқару органдары мен кәсіпорындар жүзеге асырады.

8.4. Ядролық материалдарды есепке алу мақсатында қол жеткізудің нормативтік талаптары мен өлшемдерін әзірлеу, деректердің орталықтандырылған базасын жолға қою, ядролық материалдарды есепке алу мен бақылаудың мемлекеттік жүйесін жүзеге асырудың нәтижелері туралы есеп-қисап түсіру, ядролық қондырғылардағы материалдардың есебін жүргізу мен бақылаудың қамтамасыз етілуін қадағалау, олардың неге жататынына және қайда бағынатынына қарамастан, Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі тарапынан жүзеге асырылады.

8.5. Заңды тұлғалар және олардың құрамына енетін ядролық материалдарды өндіруге және (немесе) пайдалануға байланысты қызметтің белгілі бір түрін жүргізу құқына рұқсаты (лицензиясы) бар пайдаланушы ұйымдар белгіленген мерзімде Атом энергиясы жөніндегі агенттіктің алдында қондырғылардағы ядролық-материалдардың нақты саны туралы және мөлшеріндегі барлық өзгерістер туралы есеп беріп отыруға, атап айтқанда:

- ядролық материалдарды есепке алу жөніндегі есеп-қисапты талап етілген көлемде Атом энергиясы жөніндегі агенттікке жіберуге;

- Атом энергиясы жөніндегі агенттік пен жергілікті органдар өкілдерінің ядролық материалдар орналасқан немесе пайдаланылатын жерлерге жіберілуін қамтамасыз етуге;

- ядролық заттардың нақты мөлшеріне тексеру жүргізу үшін жағдай туғызуға;

- ядролық материалдарға есептік құжаттаманы талап етілген көлемде түсіруге ;

- инспекциялау мақсатында пайдаланылатын приборлар мен жабдықтарды қолдану үшін жағдай туғызуға ;

- Атом энергиясы жөніндегі агенттіктің инспекторлары есепке алынбаған ядролық материалдар орналасқан немесе пайдаланылатын жерлерге жіберілуін қамтамасыз етуге ;

- ядролық заттардың нақты мөлшеріне тексеру жүргізу үшін жағдай туғызуға;

- ядролық материалдарға есептік құжаттаманы талап етілген көлемде түсіруге ;

- инспекциялау мақсатына пайдаланылатын приборлар мен жабдықтарды қолдануға жағдай туғызуға;

- Атом энергиясы жөніндегі агенттіктің инспекторлары есепке алынбаған ядролық материалдарды немесе ядролық материалдардың ысырап болу фактілерін немесе ядролық материалдардың нақты мөлшерін тексерудің нәтижелері мен есепке алынған деректердің арасындағы алшақтықты айқындаған жағдайда солардың талап етуі бойынша қосымша ақпарат түсіруге;

- ядролық материалдарды түгендеу санының өзгеруіне байланысты ядролық материалдармен жоспарланған операциялар туралы Атом энергиясы жөніндегі агенттіктің атына хабарлама жіберуге міндетті.

8.6. Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі:

- ядролық материалдардың мөлшері туралы есеп-қисаптың көлеміне, нысанына және мерзімділігіне қойылатын талапты қосқанда, ядролық материалдарды есепке алу мен бақылаудың тәртібіне қойылатын талаптарды белгіледі;

- инспекциялау жүргізу жоспарлары туралы, соның ішінде тексерулердің саны мен мерзімі туралы заңды тұлғалар мен пайдаланушы ұйымдарды хабардар етуді;

- ядролық материалдардың есептелмеген бөлігін анықтау мақсатында ядролық материалдардың нақты мөлшерін тексеруді;

- инспекциялық тексеруді жүзеге асырудың қорытындылары туралы заңды тұлғаларды, олардың құрамындағы пайдаланушы ұйымдар мен тиісті атқарушы органдарды хабардар етуді;

- ядролық материалдарды есепке алу мен бақылау жөніндегі талаптарды бұзушылық, баланстық алшақтықтар айқындалған жағдайда жоспардан тыс инспекциялау жүргізуді жүзеге асырады.

8.7. Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің атына жіберілген хабарламаға жоспарлы жөнелтілімдер, алынымдар ядролық материалдарды қондырғылар арасында тасымалдаулар туралы ақпарат енуге тиіс. Рәсімнің тәртібін, талабы мен шартын, түсіру мерзімін, хабарламаның мазмұнын Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі белгілейді.

8.8. Пайдаланушы ұйымдар мен заңды тұлғалардың қадағалаушы органның алдындағы есеп беру жүйесіне:

- ядролық материалдардың түгенделу санының өзгерістері (алу, жөнелту, ядролық өндіріс, ядролық шығын, жөнелтушінің) алушының деректеріндегі алшақтықтар, есептен шығарып тастау, ядролық материалдарды түгендеу санындағы өзге де шығындар мен өзгерістер) туралы есеп берулер;

- пайдаланушы ұйымдар жүргізетін мерзімдік тиянақты түгендеу

барысындағы ядролық материалдардың қолдағы нақты мөлшерін тексерудің нәтижесі туралы есеп берулер;

- тиянақты түгендеулер арасындағы кезең ішінде ядролық материалдардың балансы туралы материалдық-баланстық есеп берулер;

- ядролық материалдардың шығыны айқындалған жағдайда, осындай оқиғаны тексерудің нәтижесін қоса, арнайы есеп берулер;

- қондырғылардың конструкциясы мен ядролық материалдарды пайдалану тәсіліне жоспарлы өзгерістер енгізу туралы хабарлама енеді.

8.9. Заңды тұлғалар мен олардың құрамындағы пайдаланушы ұйымдары жергілікті өкімет органдарының сұратуы бойынша оларды ядролық материалдардың қолда бары, пайдалану сипаты, сақталуы туралы хабардар етіп отыруға міндетті. Берілетін ақпараттың көлемі жөнінде шектеу мемлекеттік құпияны сақтау мүддесіне және ядролық материалдар мен қондырғыларды нақты қорғау талаптарына орай болады.

8.10. Атом энергиясы жөніндегі агенттік Қазақстан Республикасының аумағындағы ядролық материалдарды есепке алу мен бақылаудың жайы туралы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне жыл сайын есеп беріп отырады.

Халықтың және айналадағы ортаның ядролық және радиациялық қауіпсіздігіне әсер ететін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүддесіне нұқсан келтіретін ауытқушылықтар орын алған жағдайда Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органдарына дереу ақпарат жібереді.

9. Ядролық материалдар мен ядролық қондырғыларды нақты қорғау

9.1. Барлық ядролық материалдар мен ядролық қондырғылар нақты қорғауға жатады. Нақты қорғау дегеніміз - ядролық материалдарды ұрлауға, ядролық қондырғыларға ықпал етуге және ұлттық қауіпсіздіктің мүддесіне, ядролық және радиациялық қауіпсіздікке зиянын тигізетін өзге де зардаптарға әкеп соғуы мүмкін ядролық қондырғылар мен ядролық материалдарға рұқсат етілмеген жолатуларды болдырмауға бағытталған жоспарлаудың, үйлестірудің, бақылаудың, ұйымдастырушылық және тактикалық шаралар кешенін жүзеге асырудың біртұтас жүйесі.

9.2. Ядролық материалдар мен ядролық қондырғыларды нақты қорғауды атом энергиясын пайдалану жөніндегі мемлекеттік басқару органдары мен мемлекеттік реттеу және қадағалау органдары (Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігі, Атом энергиясы жөніндегі агенттігі) және ядролық қаруды жоюға байланысты мемлекеттік басқару

органдары (Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қорғаныс министрлігі, Ішкі әскерлер Қолбасшысының Бас басқармасы, ядролық материалдарды тасымалдаған кезде - Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі) ұйымдастырады және бақылайды.

9.3. Ядролық материалдар мен ядролық қаруды пайдалануға, сақтауға, тасымалдауға байланысты кәсіпорындарды (объектілерді) нақты қорғауды жүзеге асыру мен қамтамасыз етуге пайдаланушы ұйым тікелей жауап береді. Ядролық қондырғыны нақты қорғауды қамтамасыз ету үшін пайдаланушы ұйым Қазақстан Республикасы ішкі әскерлерінің және (немесе) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімдерін тартады.

9.4. Ядролық материалдар мен ядролық қондырғылардың объектілердегі және тасымалдау кезіндегі нақты қорғалуын қамтамасыз ету жөніндегі талаптардың орындалуына мемлекеттік қадағалауды, нақты қорғау мақсаттарына қол жеткізудің нормативтік талаптары мен өлшемдерін белгілеуді Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі жүзеге асырады.

9.5. Ядролық материалдарды өндіру және (немесе) пайдалану жөніндегі қызметтің белгілі бір түрін жүргізуге арналған рұқсаты бар пайдаланушы ұйымдар өздерінің кәсіпорындарын (объектілерін) нақты қорғаудың жайы туралы басқару, мемлекеттік реттеуші және қадағалаушы органдарының алдында есеп беріп отыруға міндетті.

9.6. Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі Ішкі істер министрлігімен, Ұлттық қауіпсіздік комитетімен және Ішкі әскерлері Қолбасшысының Бас басқармасымен бірлесе отырып, кәсіпорындарды (объектілерді) нақты қорғауды қамтамасыз етудің инженерлік жүйелері мен құралдарын әзірлеудің және жаңартудың өлшемдері мен техникалық талаптарын а й қ ы н д а й д ы .

9.7. Ядролық материалдарды пайдалану, сақтау, тасымалдау жөніндегі қызметті жүргізуге рұқсаты (лицензиясы) бар заңды тұлғалар мен пайдаланушы ұ й ы м д а р :

- Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің, басқа да мемлекеттік органдардың (олардың өз құзіреті шегінде) нақты қорғаудың жайына бақылау (инспекциялау) жасауына жағдай туғызуға;

- Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің инспекторына объектілерді нақты қорғауды қамтамасыз ету жүйесінің техникалық жайы жөніндегі есеп беру құжаттамасын талап етілген көлемде т ү с і р у г е ;

- нақты қорғауды қамтамасыз етудің талаптарына сәйкессіздік анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі инспекторларының талап етуі бойынша қосымша ақпарат түсіруге, Қазақстан

Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің ұсынысы бойынша ашылған кемшіліктерді жоюға міндетті.

9.8. Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі:

- ядролық материалдар мен ядролық қондырғыларды нақты қорғау жүйесінің жайы туралы есеп берудің тәртібін, нысаны мен көлемін айқындайды;

- ядролық материалдар мен ядролық қондырғыларды нақты қорғаудың жайын қадағалау мақсатымен кәсіпорындарда (объектілерде) инспекциялау жүргізеді.

9.9. Нақты қорғау мақсаттарына жетудің талаптары мен өлшемдеріне сәйкес нақты қорғау өткізу режимі және арнайы жүктерді тасымалдау тәртібі шеңберінде күзет шараларын қолдануды қамтамасыз ететін әскери бөлімдер бағынатын ведомство бөлімдер мен бөлімшелердің, құқық тәртібін қорғау органдарының төтенше жағдайлар туындаған кездегі өзара іс-қимылының тәртібін белгілейді.

10. МАГАТЭ-мен өзара іс-қимыл

10.1. Қазақстан Республикасы МАГАТЭ-нің мүшесі бола отырып, оның органдарының атом энергиясының бейбіт мақсатта қауіпсіз пайдаланылуына жәрдемдесуге, ядролық қаруды таратпау режимін, соның ішінде халықаралық кепілдікті қамтамасыз етіп нығайтуға, радиоактивті заттар мен иондаушы сәулелерді өнеркәсіпте, денсаулық сақтау мен ауыл шаруашылығында қолдануға байланысты қызметіне қатысады.

10.2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі МАГАТЭ-мен іс-қимыл кезінде саяси-құқықтық мәселелердің шешілуіне жауап береді.

10.3. Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі МАГАТЭ-нің құрылымдық бөлімшелерінің жұмысына байланысты министрліктер мен ведомстволардың (Ядролық энергия мен қауіпсіздік департаментінің, Кепілдіктер департаментінің, Ғылыми зерттеулер мен изотоптар департаментінің, Зайберсдорфтегі МАГАТЭ лабораториясының, Халықаралық теориялық физика орталығының, Халықаралық теңіз радиоактивтілігі лабораториясының, Техникалық ынтымақтастық департаментінің) қызметін үйлестіру үшін жауап береді.

10.4. Министрліктер мен ведомстволардың МАГАТЭ-мен ағымдағы өзара іс-қимылы Австрияның Вена қаласындағы халықаралық ұйымдар жанындағы Қазақстан Республикасының Тұрақты өкілдігі арқылы жүзеге асырылады.

10.5. Делегацияларды қалыптастыруды, МАГАТЭ-нің органдарының жұмысына (МАГАТЭ-нің Бас конференциясы, МАГАТЭ-нің басқарушылар Кеңесі, сарапшылардың, мамандардың, консультанттардың, кеңесшілердің консультативтік кездесулері және т.б.) қатысу үшін айқындамалар әзірлеуді

шаралардың күн тәртібіне енгізілетін мәселелерге орай Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен және басқа да мүдделі министрліктер мен ведомстволардың келісуі бойынша Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі жүзеге асырады.

10.6. Техникалық комитеттерді, консультанттар мен мамандардың кеңестерін, кеңесшілердің тұрақты топтарын, жұмыс топтарын және т.б. қосқанда, Қазақстан Республикасы өкілдерінің МАГАТЭ-нің ағымдағы ғылыми-техникалық шараларына қатысуына жауапкершілікті, МАГАТЭ-нің тиісті бөлімшелеріндегі жұмысқа байланысты қызметті үйлестіру жағын Сыртқы істер министрлігі м о й н ы н а а л а д ы .

10.7. МАГАТЭ Секретариатындағы квоталанған бос орындарға өтініштер жасалуын қолдауды Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жүзеге асырады.

10.8. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі МАГАТЭ-нің жетекшілігімен әзірленген халықаралық конвенцияларды, келісімдерді, өзге де халықаралық құқықтық құжаттарды Қазақстан Республикасының қайта қарауына және әзірлеуі мен тұжырымдауына байланысты қызметті жалпы үйлестіруді жүзеге асырады.

10.9. Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі МАГАТЭ-мен келісімдер бойынша міндеттемелердің орындалуына байланысты қызметті үйлестіру үшін жауап береді.

Атом энергиясы мен ядролық қызметті пайдалану, радиоактивтік қалдықтар мен қолданылған ядролық материалдарды ұстау, Қазақстан Республикасы халқының радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы уақытша ережеге ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің ядролық қондырғыларды жобалау, салу, пайдалану және өмірлік циклының басқа да кезеңдері жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына уақытша рұқсат беру тәртібі

1. Жалпы ережелер

1.1. Атом энергиясы жөніндегі агенттіктің қызмет түрлеріне уақытша рұқсаты кәсіпорынның рұқсатта көрсетілген қызметпен айналысуына құқық беретін құжат болып табылады және ол орындалған кезде аталған рұқсат күшінде қалатын шарттарды белгілейді.

1.2. Уақытша рұқсат әрбір кәсіпорынға жеке-жеке бір немесе бірнеше қызмет түріне беріледі.

1.3. Уақытша рұқсат берілген сәттен бастап көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін немесе Атом энергиясы жөніндегі агенттік өзгеріс енгізген сәтке дейін не Атом энергиясы жөніндегі агенттік оның күшін тоқтатқанға яки жойғанға дейін, немесе кәсіпорынды жойған не қайта құрған сәтке дейін күшін сақтайды.

2. Уақытша рұқсат алуға өтінім түсіру

2.1. Уақытша рұқсат алуға түсірілетін өтінімге мынадай құжаттардың жиынтығы:

- осы қызмет жүзеге асырылатын немесе жүзеге асырылуы көзделіп отырған қызмет түрлері мен ядролық қондырғылар көрсетілген өтініш;
- кәсіпорынның мемлекеттік тіркеуден өткенін куәландыратын және шаруашылық жүргізудің құқын айқындайтын құжаттар;
- өтінімді негіздейтін құжаттар енеді.

2.2. Өтінімді негіздейтін құжаттарға мыналар:

- қызметтің мәлімделген түрлерін жүзеге асыру шарттарының ядролық және радиациялық қауіпсіздік жөніндегі қазіргі қойылатын талаптарға сәйкестігіне техникалық талдау;
- қолданылып жүрген нормативтік құжаттар мен ережелердің талаптарынан болып отырған ауытқуларды тиісті негіздеумен техникалық талдау;
- қолданылып жүрген технологиялық регламенттер мен нұсқаулықтардың тізбесі;
- мәлімделінген қызмет бабынан пайда болуы мүмкін кәсіпорындағы аварияны жою жөніндегі нұсқаулықтар;
- жобаланылған авариялар тізбесі, оларды жою және қызметкерлерді қорғау жөніндегі шаралардың жоспары;
- жобадан тыс аварияның тізбесі, жобадан тыс аварияны ырыққа көндіру және қызметкерлер мен халықты қорғау жөніндегі шаралардың жоспары;
- ядролық материалдарды есепке алу мен бақылау жүйесін, ядролық материалдар мен ядролық қондырғыларды нақты қорғау жүйесін ұйымдастыру мен іс-қимылын негіздейтін құжаттар жиынтығы;
- қызметтің мәлімделінген түрлері бойынша жұмыс істеуге құқық беретін санитарлық паспорттардың көшірмелері;

- оқытудың ұйымдастырылуы мен өткізілуін, сондай-ақ ядролық және радиациялық қауіпсіздік жөніндегі қызметкерлердің білімін тексерудің нәтижелерін растайтын құжаттар;

- мемлекеттік экологиялық сараптаудың (қажет болған жағдайда) қорытындысы енеді.

2.3. Уақытша рұқсатқа өтінімді қабылдамай тастауға және оны қайтадан ресімдеуге қайтаруға:

- өтінім құжаттарының талап етілген құрам мен мазмұнға сәйкес келмеуі;

Атом энергиясы жөніндегі агенттіктің мәлімделінген қызметті қауіпсіздіктің қажетті шарттарымен қамтамасыз ету жөніндегі жағымсыз қорытындысы негіз болып табылады.

2.4. Уақытша рұқсат беруден бас тарту қызметтің мәлімделінген түріне бұрын берілген құжаттардың күшін тоқтатуға әкеп соғады. Уақытша рұқсат беруден бас тарту туралы хабар кәсіпорынды тіркеуді жүзеге асырған басқару органына, атқару өкіметі органына, өзге де қадағалау органдарына жіберіледі.

3. Мәлімдеуші кәсіпорын мен Атом энергиясы жөніндегі агенттіктің арасындағы қарым-қатынасты реттеу

3.1. Кәсіпорын уақытша рұқсаттың шарттарын сақтамаған жағдайда Атом энергиясы жөніндегі агенттік уақытша рұқсаттың күшін орын алған ауытқуларды түзеткенге дейін тоқтата тұруы мүмкін.

3.2. Ядролық немесе радиациялық қауіпсіздіктің жайы-күйі туралы дүдәмал немесе бұрмаланған ақпарат берілген, рұқсаттың күшін сақтау шарты оқиғалар мен авариялар орын алғаны туралы хабарланбаған жағдайда, рұқсатта көрсетілген қызмет құқын өзге заңды тұлғалар мен жеке тұлғаларға қандай да бір нысанда заңсыз берген жағдайда уақытша рұқсаттың күші тоқтатылуы мүмкін.

3.3. Қызметке рұқсат сұраған өтінімді қараудың мерзімі, өтінімнің түріне қарай, 30 күннен 6 айға дейін болады.

3.4. Атом энергиясы жөніндегі агенттіктің уақытша рұқсатты беруден бас тарту немесе күшін жою туралы шешіміне Қазақстан Республикасының сот органдарында шағым жасалына алады.